

Білім саласы сан тараулы ақпараттарға толы. Оларды қабылдау ХХІ ғасыр еншісіндегі жаңа технологиялармен, болашақ білімді ұрпақты даярлайтын мектепті басқарудың жаңашыл жаңалықтарын қалт жібермеуді қажет етеді. Елбасымыздың «өмір бойы білім алу» керек деген қағидасын әр мектеп басшысы ұстаным ретінде қабылдауы міндет. Бұл кезекте сапалы біліктілікті арттыру курстарының маңызы зор.

Сапалы біліктілікті арттырудың дәлелі ретінде «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын Республикалық институтында (ББЖ ҚБАРИ) өткізілетін қысқа мерзімді курстарын айтуға болады. Мектеп басшыларының біліктілігін арттыратын бұл «қарашаңырақта» республиканың түкпір-түкпірінен әртүрлі дәрежедегі мектептердің директорлары, директордың оқу ісі және тәрбие жөніндегі орынбасарлары біліктіліктерін арттыруда. Бізде мектептің оқу ісі жөніндегі Жансауле Макатова қарапайымдылығымен адамның жанын баурап алады. Ұжымда білімнің салтанат құруы да, басшының қарапайымдылық ұстамдылығының жемісі десек артық болмас.

Білім ордасына кіргеннен, ғаламның жетінші кеңістігіне енгендей әсер аласың. Директордың оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары Әсел Танатованың күлімдеп қарсы алуы, ұжымның шаңырағына күн нұрымен бірге білім сәулесін сепкендей. Қазіргі таңда қоғамның білімге деген талабын жоғары көтере білген ұжымға алғысымыз шексіз.

«Білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектепті басқарудың құзырлылық амалы» курсының жалпы мақсаты – басқарудың инновациялық процестерін модельдеу, білім беру жүйесіне арналған орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасымен және критериялық бағалау жүйесімен таныстыру. Күнделікті сабақ жаңа идеялармен ұштасып, ағыны қатты сарқырамадай

қызу жұмысқа кірісуімізге серпін берді. «Самғау» тобымыз курс барысында өз ойларымен бөлісіп қана қоймай, көкейдегі сұрақтарға да өз жауаптарын алып қанағаттанды. Арнайы курсқа жиналған оқу ісінің меңгерушілері білім беру саласындағы жаңашылдықтардан қалыс қалмай, ілесуге ынталы екендіктерін жеткізді.

Кураторымыз Әсел Қайырбекқызы айтпақшы, басқару стилі – нәтижеге бағытталған. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы.

Жаңаша түрленген бағдарлама бойынша курсты өткізу барысында оның әр түсінің басымдылығына мән беруге тырыстық. Енді осы бағытпен білім көкжиегін кеңейтіп, жаңаша түрленген бағдарлама идеясымен жұмыс істеуге бекіндік. Ол өз кезегінде оқу ісі меңгерушілерінің құндылығы мен ұстанымын жаңартуға, сол арқылы жоспарлау үдерісін жаңашалауға бағыттанып отыр. Ендеше, осы курс шеберлікті шыңдауға игі бастама болмақ.

Болашақта Қазақстанның дамыған мемлекеттердің қатарында болатынына сеніміміз мол. Қай заман, қандай ел болмасын болашаққа құрылған жоспар мемлекеттің өркендеп өсуінің кепілі. Тек жоспар құрып қана қоймай, оны жоғары деңгейде орындай білу де өнер. Курсқа қатысушылар атынан алғысымызды жеткіземіз!

Себебі, біздің бағдарымыз анық, бағытымыз түзу. Рухани жаңғыру арқылы жарқын болашаққа жетейік!

Сауле ЖҰМАБЕКОВА,
№5 МГ директорының
оқу ісінің меңгерушісі
Алматы қаласы
Гүлбану АРЫСТАНБЕКОВА,
№8 гимназиясы
директорының оқу
ісі меңгерушісі
Талғар қаласы
Алматы облысы
Асылбек ЕСҚАНАЕВ,
Талғат Бигелдинов
атындағы ОМ
директорының оқу ісі
меңгерушісі
Көкарал ауылы
Мақтарал ауданы ОҚО
Салтанат ЖАҚАЛАҚОВА,
№26 МГ директорының
оқу ісі меңгерушісі
Астана қаласы